ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 79 (3906)
20 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

3-БЕТ



Әдептің алғашқы мектебі – отбасы

6-БЕТ



Жастар және еңбек нарығы


8-БЕТ




Циркулярлық экономика: табиғатқа деген жанашырлық табысқа жеткізеді

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҮЙДІҢ КІЛТІН ҰСТАТУ – МӘСЕЛЕНІҢ ЖАРТЫСЫ ҒАНА









Біз тұрғын үй мәселесін сөз еткенде көбіне бірден шаршы метрге, салынған пәтер санына, пайдалануға берілген тұрғын үй көлеміне қарап – қанша үй салынды, қанша отбасы баспаналы болды, қанша шаршы метр пайдалануға берілді деген сұрақтарға жауап іздейміз. Бұл көрсеткіштер, әрине, маңызды. Бірақ бүгін қоғам алдында бұдан да маңыздырақ мәселе тұр. Ол азаматтарға пәтер беріп қана қоймай, өмір сүруге қолайлы жағдайды қалыптастыру деңгейі.

(Жалғасы 4-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Жыл сайын қазан айының үшінші жексенбісінде атап өтілетін Орман шаруашылығы қызметкерлері күнін осы салада қызмет ететін 17 мыңнан астам маман асыға күтеді. Орман шаруашылығы мамандарының қызметі – бұл орман алқаптарын қорғау, қалпына келтіру, тиімді пайдалану және олардың экологиялық жүйесін сақтауға бағытталған кешенді жұмыс.

«ОРМАНШЫ МӘРТЕБЕСІ» ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЙЛЕСТІРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Бұл мамандар табиғат пен экономика арасындағы теңдікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда бұл мамандық иелерінің иығына тек орманды күзету ғана емес, Мемлекет басшысының Қазақстан аумағында 2 миллиард ағаш отырғызу туралы ауқымды стратегиялық тапсырмасын жүзеге асырудың басты жауапкершілігі жүктелген.

Орманшылар күнінің Үкімет қаулысымен бекітілген Кәсіби мерекелер тізіміне енгеніне келесі жылы 10 жыл толады. Сондықтан мерекелік лебіздер мен марапаттардың тасасында қалып қоятын қордаланған мәселелерді де айта кеткен жөн. Өйткені әлемде жер көлемі жағынан – 9, орман қоры жағынан – 86, орманның ел аумағындағы үлесі жағынан – 190 орын алатын мемлекетте 17 мыңнан асатын орман шаруашылығы қызметкерінің жұмыс істеуі өте аз. Дамыған елдерде бір орманшы орташа есеппен 500 гектардан 2-3 мың гектарға дейінгі орманды күтіп-баптайды. Қазақстанда бір орманшыға келетін күзет аумағы орташа есеппен 15-20 мың гектарды, ал кейбір сексеуілді және шөлді аймақтарда 50-70 мың гектарға дейін жетеді. Мұндай шамадан тыс жүктеме әлемдік орман күзеті тәжірибесінде өте сирек кездесетін мамандар тапшылығын айқын көрсететін ерекше көрсеткіш болып табылады.

Оның үстіне біздегі сала қызметкерлеріне орман өртін сөндіруші, тракторшы мен әкімшілік-техникалық жұмысшылар да кіреді. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің бекітілген штаттық лимитіне сәйкес, Қазақстанның мемлекеттік орман қорын тікелей қорғайтын мемлекеттік орман күзетінің жалпы саны 10 500-ден асады. Еліміздің басқару жүйесі бойынша оның 6500-і жергілікті әкімдіктерге қарасты орман шаруашылығы мекемелерінде қызмет етеді. Ал 4 мыңға жуығы министрлікке қарасты республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (ұлттық парктер, мемлекеттік қорықтар мен «Семей орманы», «Ертіс орманы» сияқты табиғи резерваттарда) қызмет атқарады.

Еліміздегі орман өрттері мен браконьерлік фактілер бұл саланың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін түбегейлі қайта қарауды қажет ететінін көрсетті. Соңғы жылдары ел Президенті тапсырмасымен орман шаруашылығы қызметкерлерінің, әсіресе тікелей өртпен күресетін топтар мен десантшылардың жалақысын көтеру және үстемеақылар қосу бағытында маңызды қадамдар жасалды. Дегенмен, экономикалық тұрғыдан бұл сала әлі де тартымды бола алмай отыр. Басты себеп – лауазымдық жалақының төмендігі мен материалдық-техникалық базаның ескілігінде.

Көптеген өңірлік орман шаруашылықтарында техникалардың жартысынан көбі тозған, бұл өрттің алдын алу және жедел сөндіру жұмыстарына кедергі келтіреді. Сарапшылар оны шешу жолын да ұсынып отыр.

(Жалғасы 2-бетте)

ФОРУМ

ЦИФРЛЫҚ ҚАТЕРДЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?

Алматыда цифрлық кеңістік пен киберқауіпсіздікті дамытуға ықпал ететін интернетті басқару жөніндегі төртінші ұлттық форум өтті. Биыл ол Digital Code-ты практикалық қолдануға, жасанды интеллектті қауіпсіз пайдалануға, азаматтардың цифрлық құқықтарын қорғауға және елдің интернет инфрақұрылымын тұрақты дамытуға бағытталды.

«Форумның басты миссиясы – көпмүдделі тараптардың интернетті басқару моделін ілгерілету. Біз тұрақты әрі қауіпсіз цифрлық кеңістікті бір ғана мекемемен құру мүмкін еместігіне сенеміз. Біздің іс-шарада мемлекет, IT саласы, азаматтық қоғам және академиялық қауымдастық тең серіктес ретінде келіссөз жүргіземіз. Тек осындай инклюзивті диалог пен мүдделер теңгерімі арқылы біз цифрлық кодексті тиімді іске асыра аламыз, жасанды интеллектті дамытамыз және әрбір қазақстандықтың цифрлық құқықтарын қорғаймыз», – деді форумның ашылу рәсімінде ұйымдастыру комитетінің мүшесі, Eurasian Digital Foundation негізін қалаушы, Digital Rights Centre Kazakhstan (DRCQ) заң фирмасының басқарушы серіктесі Руслан Дайырбеков. Оның айтуынша, геосаяси жағдайдың тұрақсыздығы жағдайында ашық әрі еркін интернетке қолжетімділік мәселесі барған сайын маңызды бола түсуде. Онлайн кеңістікті реттеудің жаңа қағидалары қалыптасып, нарыққа жасанды интеллект пен үлкен деректер технологияларына негізделген жаңа өнімдер шығуда. Олар үздіксіз цифрлық өзара іс-қимыл жағдайында азаматтардың құқықтары мен бизнестің мүдделеріне белгілі бір деңгейде әсер етіп, оларды қалыптастырып келеді. Барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеретін теңгерімді интернетті басқару ғана цифрлық экономиканы және инновацияларды дамытуға жағдай жасап, сонымен бірге Қазақстандағы адамның цифрлық құқықтарын шектемей, олардың сақталуына кепілдік бере алады. Бұл тәсіл Орталық Азия мен Ауғанстандағы Тұрақты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік хабтың жұмысына үндеседі. Аталған хаб өңірде тұрақты даму күн тәртібін ілгерілетудің маңызды платформасына айналды.

Интернет өнеркәсіптік революция жасауда

Еуропалық Одақтың «Орталық Азияға арналған байланыстылық» жобасының АКТ саясаты және реттеу компонентінің үйлестірушісі Паулюс Вайнаның (Paulius Vaina) пайымдауынша, интернетті басқару – үкіметтердің, жеке сектордың және азаматтық қоғамның интернеттің эволюциясын, дамуын және қолданылуын реттейтін ортақ қағидаттарды, нормаларды, ережелерді, бағдарламаларды әзірлеуге және шешім қабылдау рәсімдерін қалыптастыру мен қолдануға қатысуы. Негізінде, бұл – барлық тараптың жүйе қалай жұмыс істеуі керектігі туралы ортақ түсінікке келуі. Интернет те – ортақ іс. Оның аясында әртүрлі тараптардың әрқилы мүдделері тоғысады. Қауіпсіздік саласындағы мамандардың өз мүдделері бар, басқа қатысушылардың да өз мақсаттары мен міндеттері бар. Мұнда мәселе тек мүдделер туралы ғана емес. Бұл үдеріске қатысатын адамдар мен ұйымдардың міндеттемелері, ұстануға тиіс нормалары және жауапкершілігі де маңызды.

– Бүгінде интернеттің дамуға орасан зор мүмкіндіктер ашатынын бәріміз түсінеміз. Алайда біз көбіне осы мүмкіндіктердің жағымды жақтарын ғана айтамыз. Сонымен бірге болып жатқан өзгерістерге дайын болмасақ, олардың қандай салдарға әкелуі мүмкін екенін де ойлауымыз қажет.

(Жалғасы 6-бетте)

Өзгерістер енгізілді

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ ТИІМДІЛІГІ – ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Мұнайлы ауданы 2007 жылы құрылды. Тәуелсіздік кезеңінде жаңадан құрылған алғашқы ауданның бірі саналатын бұл өңір аз уақыт ішінде демографиялық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан айтарлықтай дамыды. Аудан құрылған алғашқы кезеңде тұрғындар саны шамамен 53 мың болса, 2026 жылғы 1 шілдедегі статистикалық мәлімет бойынша 174 252 адамға жеткен. Бұл – халық санының үш еседен астам өскенін көрсететін маңызды демографиялық өзгеріс.

Халық санының өсуі, жаңа елді мекендердің қалыптасуы, тұрғын үй құрылысының кеңеюі және экономикалық белсенділіктің артуы мемлекеттік мекемелердің қызметіне де жаңа талаптар қояды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына Ақтау қаласына жақын орналасуы, кәсіпкерлік саласының кеңеюі, құрылыс, сауда, қызмет көрсету және ауыл шаруашылығы бағыттарының дамуы ықпал етуде.

2025 жылы жарияланған ресми мәліметтерге сәйкес, Мұнайлы ауданында 11 017 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, ауыл шаруашылығы саласында 265 шаруа қожалығы жұмыс істеген. Сонымен қатар өндірістік, инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жұмыстары жалғасуда. Бұл көрсеткіштер сотқа түсетін істердің жүктемесін айқындайды.

Сот әкімшісінің қызметі сот билігінің абыройына, судья лауазымының тазалығына тікелей байланысты. Өйткені азаматтар сот жұмысының нәтижесін негізінен сот отырысы немесе қабылданған сот актісі арқылы бағалайды. Алайда әрбір сот процесінің уақытылы ұйымдастырылуының, құжаттардың тиісті тәртіппен рәсімделуінің, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуінің және сот ғимаратында қажетті жағдайлардың жасалуының артында күнделікті атқарылатын үлкен ұйымдастырушылық еңбек бар.

Сот кеңсесінің басты міндеті – судьялардың тәуелсіз сот төрелігін жүзеге асыруына қажетті жағдай жасау және құжатайналым жұмыстарын өз құзыреті шегінде тиімді ұйымдастыру. Бұл қызмет бірнеше маңызды бағытты қамтиды. Олардың қатарында іс жүргізуді ұйымдастыру, сот құжаттарының қозғалысын қамтамасыз ету, ақпараттық технологиялардың қолданылуы, сот ғимаратының материалдық-техникалық жағдайы, сот қызметкерлері мен сот отырысы хатшыларының кәсіби даярлығы, еңбек тәртібі және азаматтарға көрсетілетін ұйымдастырушылық қызметтің сапасы бар. Сондықтан жұмыс барысын үйлесімді атқаруға барынша тырысамыз.

Сот процесі сот залында басталғанымен, оны ұйымдастыру жұмыстары әлдеқайда ерте кезеңнен жүргізіледі. Сот қызметкерлерінің жұмысы жоғары дәлдік пен тәртіпті талап етеді. Өйткені құжат айналымындағы ұқыптылық, ақпараттың уақытылы берілуі және процестік рәсімдердің ұйымдастырушылық тұрғыдан дұрыс қамтамасыз етілуі азаматтардың сотқа қолжетімділігіне тікелей әсер етеді.

Бұл бағытта «Сот кабинеті» электрондық сервисінің орны ерекше. Аталған жүйе азаматтар мен заңды тұлғаларға сотқа электрондық түрде құжат жолдауға және қолжетімді функциялар шегінде сот ісін жүргізуге қатысты ақпарат алуға мүмкіндік береді. Цифрлық сервистердің дамуы тұрғындардың уақытын үнемдеуге, құжаттарды рәсімдеуді жеңілдетуге және сотқа жүгіну мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Мұнайлы ауданы сияқты аумағы кең, халқы көп өңір үшін қашықтан қызмет алу мүмкіндігі ерекше маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, сот әкімшісінің қызметінде ақпараттық жүйелердің жұмысын ұйымдастырушылық сүйемелдеу, техникалық мәселелерді уақытылы шешу, қызметкерлердің цифрлық сауаттылығын арттыру және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау маңызды орын алады. Әсіресе сот отырыстарын бейнебайланыс арқылы өткізу кезінде техникалық дайындықтың маңызы жоғары. Байланыстың сапасы, дыбыс пен бейненің анықтығы, қажетті құрылғылардың жарамдылығы және ақпараттық жүйелердің тұрақты қызметі сот процесінің ұйымдасқан түрде өтуіне жағдай жасайды.

Сот қызметін ұйымдастыруда құжат айналымының дұрыс жүргізілуі айрықша мәнге ие. Сотқа келіп түсетін әрбір өтініш, арыз, хат және өзге де құжат белгіленген тәртіппен қабылданып, тіркелуге және тиісті бағытта өңделуге тиіс. Құжаттардың электрондық және қағаз нұсқаларымен жұмыс істеу, оларды сақтау, мұрағаттау, дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз ету және ақпараттық жүйелердегі мәліметтердің дұрыстығын қадағалау сот қызметкерлерінің ең жауапты жұмысы. Келушілерге дұрыс ақпарат, кеңес беру, қажетті ақпаратты түсінікті жеткізу, өтініштерді белгіленген тәртіппен қабылдау және қызметтік әдепті сақтау туралы үнемі қызметкерлерге тәлімдік әңгімелесу өткізіп отырамыз. Себебі азаматтардың құқықтық сауаттылық деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Біреулер электрондық сервистерді еркін пайдаланса, енді біреулерге құжат тапсырудың өзі қиын. Ал, мемлекеттік қызметкер барлығына бірдей деңгейде қызмет көрсетуі керек.

Сот жұмысының сырт көзге байқала бермейтін осы қырында үлкен жауапкершілік жатыр. Өйткені, дұрыс ұйымдастырылған жұмыс – сот төрелігінің үздіксіз жүзеге асырылуына қажетті алғышарттың бірі. Біз өзіміз ант қабылдап, мемлекеттік қызметті өз жауапкершілігімізге алдық. Ендеше оны абыроймен атқаруға әрдайым мүдделіміз.

Дінмұхаммед ҚУАНТАЕВ,
Мұнайлы аудандық соты әкімшісінің басшысы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Кез келген азамат мемлекеттік органның шешімімен, әрекетімен немесе әрекетсіздігімен келіспеген жағдайда, өзінің бұзылған құқықтарын сот арқылы қорғауға құқылы. Осы ретте Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі азаматтар құқығын қорғаудың маңызды тетігінің біріне айналды.

ӘРПК ерекшеліктері

Әкімшілік сот ісін жүргізудің ерекшелігі – оның қарапайым азамат пен мемлекеттік орган арасындағы дауды шешуге бағытталуында. Мұндай істерде азамат пен мемлекеттік органның мүмкіндігі бірдей бола бермейді. Сондықтан ӘРПК сотқа істі қарау кезінде белсенді болуға мүмкіндік береді. Сот тараптар ұсынған материалды ғана зерттеп қоймай, істің нақты мән-жайын анықтап, қажетті дәлелдемелерді сұратады, әкімшілік орган қабылдаған шешімнің заңдылығын тексеруге бағытталған әрекетті жүзеге асырады.

ӘРПК-нің ең маңызды ерекшелігінің бірі – алдын ала тыңдау институты. Алдын ала тыңдау кезінде тараптардың талабы мен қарсылығы нақтыланып, істі шешу үшін қандай мән-жайлардың маңызды екені анықталады. Бұл кезең сот талқылауына дайындықпен ғана шектелмей, тараптарға өз ұстанымын толық жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар әкімшілік сот ісін жүргізуде дауды міндетті түрде сот шешімімен аяқтау қажеттілігі жоқ. Заң тараптарға медиация және татуласу рәсімдерін пайдалануға мүмкіндік береді. Кей жағдайда екі тараптың өзара келісімге келуі ұзаққа созылатын сот процесінен әлдеқайда тиімді болуы мүмкін. Мұнда ең маңыздысы – тараптардың құқығы мен заңды мүдделерінің сақталуы.

ӘРПК-де көзделген тағы бір ерекше құрал – ақшалай өндіріп алу. Соттың заңды талабын орындау – процеске қатысушылар міндеті. Егер сот белгілеген талаптар орындалмаса немесе процестік міндеттер тиісінше атқарылмаса, заңда белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін. Бұл – сот талабын орындауды қамтамасыз ететін маңызды механизм.

Алайда соттың жұмысы шешім шығарумен ғана аяқталмайды. Қабылданған шешімнің орындалуы да үлкен маңызға ие. Осы жерде сот бақылауы институты ерекше рөл атқарады. Егер әкімшілік орган сот шешімін тиісті орындамаса, оның орындалуына бақылау жүргізілуі мүмкін. Өйткені сот арқылы қорғалған құқық қағаз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де қалпына келтірілуі керек.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің тағы бір заманауи бағыты – жазбаша іс жүргізу. Белгілі бір жағдайда істі тараптар келісімімен жазбаша тәртіпте қарау сот процесін жеңілдетіп, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл сот төрелігін жүзеге асырудың тиімділігін арттыруға бағытталған. ӘРПК-нің ерекшеліктерін қарастыра отырып, оның басты мақсаты тек мемлекеттік орган мен азамат арасындағы дауды шешу емес екенін байқауға болады. Оның негізгі мәні – азаматтың құқығын қорғау, мемлекеттік органдардың заң шеңберінде әрекет етуін қамтамасыз ету және қабылданған сот актісінің орындалуына жағдай жасау.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің енгізілуі азаматтар құқығын қорғау саласында маңызды қадам болды деп айтуға болады. Себебі заңның басты құндылығы – оның тек қағаз жүзінде болуы емес, адамның күнделікті өмірінде өз құқығын қорғауына нақты мүмкіндік беруі. Ал әкімшілік сот ісін жүргізудің негізгі міндеті – осы мүмкіндікті тиімді жүзеге асыру. Осы тұрғыдан алғанда, әкімшілік сот ісін жүргізу азаматтардың мемлекетпен қарым-қатынасындағы құқықтық қорғаныстың маңызды кепілі болып табылады.

Д.КЕНЖЕШЕВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

Өзгерістер енгізілген

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

5. Қазақстан Республикасы Алматы қаласындағы «Х. Аббе Фарма ГмбХ» («H. Abbe Pharma GmbH») Компаниясының өкілдігі (БСН 160842008869) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жибек Жолы көшесі, 64/47-үй, 618А кеңсе.

6. «D-KEYS.KZ» ЖШС (БСН 240440014706) (ҚР, Шымкент қаласы, Мәделі Қожа көшесі, 1Г ғимарат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Мәделі Қожа көшесі, 1Г ғимарат, 516-кабинет. Тел. +7 707 646 01 80.

7. «Temyrlan Kurylys» ЖШС (БСН 190340009020) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Кентау қаласы, Абай даңғылы, №23-үй, 54-пәтер, тел. +77018405958, +77052470136.

10. «Самат А.Е.» ЖШС (БСН 110540013626) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Сарапхана ауылдық округі, Жіңішке ауылы, Жіңішке көшесі, 14-үй.

МҰРАГЕРЛІК

3. 13.11.2025 ж. қайтыс болған Кадиров Оразбайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

4. 2026 жылы 20 сәуірде қайтыс болған азамат Нургазиева Жансия Мухамеджановнаның артынан мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлер және барлық мүдделі тұлғалар мұралық құқығын жүзеге асыру үшін нотариус С.С.Жұмадуллаеваға келуін сұрайды. Мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Малай батыр көшесі, нөмерсіз ғимарат.

ӘРТҮРЛІ

2. Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өткізу туралы хабарландыру

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы 2026 жылғы 24 қараша күні сағат 11.00-де Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 304-кабинет мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс (бұдан әрі – Конкурс) өткізу туралы хабарлайды.

Конкурсқа қойылған лоттар туралы толық ақпаратты мына мекенжай бойынша Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 308-кабинет немесе тел. (87152) 33-11-17, 33-86-95 арқылы, сондай-ақ Басқарманың ресми сайтынан dptiad.sko.gov.kz алуға болады.

2. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңнама негіздерде автокөлік құралдарын иеленуші кез келген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

3. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 308-кабинет мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

4. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 9 қараша сағат 18.00-ге дейін.

5. 2026 жылғы 22 қазан күні сағат 11.00-де № 304 кабинетте конкурстық комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына» енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, өткізеді.

6. Анықтама алу үшін телефондар: 8(7152) 33-11-17, 33-86-95. элекрондық мекенжай: uptiad@sqo.gov.kz.

8. БҚО Орал қаласының №2 сотында Орал қаласы, Ақтөбе көшесі, 4-үй мекенжайында тұратын Морозова Анна Сергеевнаның (қыз күніндегі тегі Илюхина) 1954 жылғы 1 қарашада туған, Орал қаласының тумасы Илюхин Сергей Николаевичті қайтыс болды деп жариялау туралы арызы қаралуда. Соңғы белгілі мекенжайы: Орал қаласы, М. Мәметова көшесі, 103-үй, 30-пәтер. Оның жүрген жері туралы мәліметі бар тұлғалардан хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде сотқа хабарлауды сұраймыз.

9. «Компания Шин Line» ЖШС ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдаулар 2026 жылғы 27 қарашада сағат 09:00-де өтеді. Күн тәртібінде резеңке қалдықтарын қайталама шикізатқа өңдеу нысанында («Компания Шин Line» ЖШС) әмбебап пышақты ұсақтағышты орнатуға қатысты алдын ала (жұмыс) жобаның құрамдас бөлігі – «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы қарастырылған. Zoom жиналысына қосылыңыз: https://us06web.zoom.us/j/89380903250?pwd=5XM90rcvrZDo17dvXbvOfj 5lM4rCX8.1. Конференция идентификаторы: 893 8090 3250. Кіру коды 601226. **2026 жылғы 27 қарашада сағат 10:00-де** «Компания Шин Line» ЖШС-нің мынадай құжаттары қарастырылады: шығарындылардың рұқсат етілген нормативтерінің жобасы; қалдықтарды басқару бағдарламасы; өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы; сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары. Zoom жиналысына қосылыңыз: https://us06web.zoom.us/j/88639303332?pwd=K1QIYol3PQoS1dQWLaUaWuL5jhUEV6.1. Конференция идентификаторы: 886 3930 3332. Кіру коды 924762. Өтетін орны: «Компания Шин Line» ЖШС, Астана қаласы, Орлыкөл көшесі, 10, 3В тұрғын емес үй-жайы.

Бастамашы: «Компания Шин Line» ЖШС (БСН 031140002473) ҚР, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Жібек жолы даңғылы, 88А ғимарат, тел./факс: +7 (7252) 92-11-99, petrecycle@shinline.kz. **Жобалау құжаттамасын әзірлеуші:** «Elean 2024» ЖШС (БСН 240740005510) Петропавл қаласы, Ғ. Мүсірепов көшесі, 30а, тел. 8 (7152) 52-25-59, elean_kz@mail.ru. Жергілікті атқарушы орган: «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» мемлекеттік мекемесі, ҚР, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 13-үй, 4-қабат, тел. +7-7172-55-75-11, uoosip@astana.kz. Жобалық құжаттама орналастырылған ресми веб-сайт: https://ndbecology.gov.kz/. Жұртшылық өкілдері мен мүдделі тараптар өз пікірлері мен ұсыныстарын elean_kz@mail.ru, uoosip@astana.kz электрондық пошта мекенжайларына жолдай алады. Қосымша ақпарат алу үшін elean_kz@mail.ru электрондық поштасы немесе +77773272409 нөмірі арқылы хабарласуыңызды сұраймыз.

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

Trade and Service ЖК, Алматы қаласы, мкр. Жетысу-3, д.55/133, тел. 87475501070